

Альпинизм тарихы

Орындаған: Ермек.М.Е

Тексерген: Маймурунова.А.А

Альпинизм тарихы

- Альпинизм тарихы 1786 жылы Ж. Бальма мен Ф. Паккараның Альпі тауындағы Монблан шыңын бағындыру сәтінен басталады.



- XIX ғасырдың басы шыңдарды бағындыру кезеңі деп есептеледі. Спорт түрі ретінде альпинизм Англия жерінен бастау алып, кеңінен дамыды. Британдық альпинистер Альпі тауындағы Эйгер, Гран-Жорас секілді тау шатқалдары мен көптеген шыңдарды бірінші болып бағындыра бастады. Бұл спорт түрінің қарқынды дамуына Англия елінде құрылған Альпі клубы және шетелдердегі ашылған осы клуб баламасының көмегі көп болды. Алғашында адамдар альпинизмді спорт түрінде емес, оны ғылым, әдебиет және өнер сияқты пәндердің жиынтығы ретінде тау бөктерлерін зерттеу жұмысы етіп қарастырады. Команда құрамының жеткіншектері ержүрек қаһармандылығы мен төзімділігі арқасында газет-журналдарға жиі шығып, клуб атын жер көкке мәлім етті.

- 1862-1874 жылдары Аустрия, Швейцария, Италия, Германия және Франция мемлекеттерінде "Ұлттық альпинизм клубтары" ашылды. Аталған елдерде өрмелеу спортына арнап тауға апарар жолдар салынды, кітаптар жарық көрді, нақты карталар жасалды. Бұл спорт түрімен жол сілтеуші гид мамандығы да қатар дамыды. 1867 жылдың аяқ жағына қарай гид ассоциациясы 236 адамды құрап, 1914 жылға таман 1460 адамға жеткен.





- Альпі тауын бағындыру аясы бөлек ассоциацияларда тау жүйесі ретінде тарап жатты. «Корольдік география одағының» президенті Д. Фрешфилд 1868 жылы А. Соттаев және Д. Датосос атты әріптестерімен Үлкен Кавказдың бүйір жотасындағы ең биік шыңы "Эльбруске" бірінші болып өрлеп шыққан альпинистердің бірі болды.



- Кейіннен Канада, Африка шыңдары бағындырылып, Каракорум, Гиндукуш, Гималай тауларына экспедициялар жасақталды. Альпинистер Килиманджаро, Аконгакуа, Мак-Кинли шыңдарына шығады. 1908 жылы Э.Шеклтон Антарктикадағы Эребус шыңына көтерілді.

- **Альпинизм** — спорттың тауға, шыңға жаяу жүріп, өрмелеп көтерілу түрі. Атауы Еуропа құрлығындағы «Альпі» тауынан шыққан. Алғаш 1786 жылы швейцарлық Мишель-Габриэль Паккар мен Жак Бальма Альпі тауындағы Монблан шыңына (биіктігі 4807 м) көтерілді. Қазақстанда альпинизмнің дамуы 20 ғасырдың 30-жылдарынан басталады. Тұңғыш рет 1930 жылы 17 шілдеде қазақстандық альпинистер Іле Алатауының Кіші Алматы шыңына (4376 м) көтерілді. Еліміздің альпинистері 1982 жылы КСРО командасы құрамында Эверест шыңына (8848 м) шықты. Ал 1991 жылы альпинист Қазыбек Уәлиевтің жетекшілігімен Қазақстан альпинистері Гималайдағы Дхаулагири (8176 м) шыңын бағындырды.
- *Монблан шыңы.*
- **Альпинизм** - 1) биік тау шыңдарына шығумен байланысты спорт түрі;
- 2) биік таулық туризм. Альпинизмнің тәсілдері мен техникасы биік таулы аудандарда географиялық зерттеулер жүргізгенде, құрылыстар салған кезде және тағы да басқалары қолданылады.



Қазақстандағы альпинизм

- Қазақстанда альпинизм дәстүрі 1930 жылы И. Мысовский, В.Горбунов, Г. Белоглазовтардың Кіші Алматы шыңына (Комсомол, Нұрсұлтан) өрмелеуімен басталды. Қазақстандағы ең биік Хан тәңірі шыңын Е.Колокольников жетекшілігіндегі альпинистер 1936 жылы бағындырды.

- Қазіргі уақытта альпинистер әлемнің түкпір-түкпіріндегі биік тауларға алуан түрлі күрделі бағыттармен өрмелеп шығып жүр. Бұл тұрғыдан келгенде қазақстандық альпинистер алғашқы орындарды алады. Альпинизмде әрқилы күрделі бағыттар жеткілікті, оны 12 сатыдан құралатын категориямен белгілейді. Ең қарапайым бағыт 1А категориялы, ал ең күрделі 6 Б категориялы бағыт деп аталады.
- Қазақстанда альпинизммен айналысуға қолайлы шарттардың барлығы бар. Іле Алатауы қазақстандық альпинизмнің бесігі болып саналады. Бұл тауға спортшылар кез-келген саты арқылы, яғни ең қарапайым категориядан бастап ең күрделі категория бойынша шың басына өрмелеуіне мүмкіндік жеткілікті.
- Инфрақұрылымның қолайлылығы мен таудың Алматы мегаполисіне жақындығы әлемнің барлық түрінен альпинистердің тұрақты келуіне жағдай жасайды.

- Қазақстанның ең биік Хан Тәңірі шыңы (Н-6995) ондаған жылдар бойы түрлі елдердің альпинистерінің назарын аударып келеді. Қазақстан аумағында, Орталық Тянь-Шан аумағында биіктігі 5500 метрден асатын шыңдар бар, соның ішінде солтүстік жағындағы ең биігі 6400 метрлік «Мрамор» қабырғасының орны бөлек.
- Алматы облысындағы Жетісу (Жоңғар) Алатауы әлі күнге дейін «ақтандақтары» ашылып бітпеген, альпинистер аяғы тимеген тұмса өңірлердің бірі. Жетісу Алатауымен тең түсетін Күнгей Алатауы альпинистер арасында біршама танымал десек те, әлі күнге альпинистер бағындырмаған, ат та қойылмаған шыңдар жеткілікті.

Назарларыңызға
рахмет!